Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 374-376

СҮТ ӨНІМДЕРІ НАРЫҒЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Касенова А.М.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған соңғы жолдауында 2050 жылға дейінгі міндеттерді саралап берді. Қазір әлемде ауылшаруашылық өнімдеріне деген сұраныс арта түсуде. Жаһандық азық – түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді қаперге ала отырып, Елбасы осыдан туындайтын міндеттерді атап көрсетті, солардың бірі агроөнеркәсіптік кешеніндегі мал шаруашылығы өнімдері нарығын жетілдіру жолдары. Қазақстан аграрлық шикізат өнімдерін өндіретін әлемдегі негізгі 25 елдің қатарына және ауыл шаруашылық алқаптарының ауданы бойынша алғашқы ондыққа кіреді.

Аграрлық өндірісте мал шаруашылығының алатын орны ерекше. Сондықтан, мал шаруашылығын жоғары деңгейде жүргізу үшін тың ізденістерге көңіл бөлу қажет. Оның ішінде сүт өндірісін жетілдіру экономикалық дамуға апаратын шаралардың бірі болып саналады.

Аграрлық салада мал шаруашылығын дамыту маңызды мәселелердің бірі. Одан алынатын өнімдерді арттыруға байланысты көптеген міндеттер де бар. Медициналық норма бойынша жылына жан басына 82 келі ет, 380 келі сүт және сүт тағамдары қажет етіледі. Ал одан артылған өнімді экспортқа шығаруға біздің жағдайымыз келеді. Қазақстанда жалпы өндірілетін еттің 45, сүттің 27 пайызы мүйізді ірі қараны өсірумен айналысатын шаруашылықтар еншісіне тиесілі.

Сүт өнеркәсібі - агроөнеркәсіп кешенінің ең негізгі бір бөлігі болып табылады. Сүт өнеркәсібінің тиімді қалыптасуы халықтың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына және тұтынушылардың сүт өнімімен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді. Сүт өнеркәсібі өнімі - кәсіпорынның өндірістік қызметіндегі сүт өнімі түріндегі пайдалы нәтижесі. Сүт өнімдері – адам денсаулығына ең қажетті пайдалы заттармен қамтамасыз етілген тамақ өнімдерінің бірі. Сүт - тағамдардың ішіндегі ең құнарлы, әрі таңдаулы түрі. Оның құрамында жүзден астам дәрумендер, қант, минералдық тұздар, т.б. түрлі элементтер бар. Мұның бір ерекшелігі – сол элементтердің бәрі адам ағзасы үшін өте пайдалы. Сондықтан да одан түрлі тағамдар, шипалы сусындар жасауға болады, демек, сүттің адамға сіңімділігі, қоректілігі және оның диеталық қасиеттері өте күшті.

Сүт және сүт өнімдері нарығы күрделі экономикалық жүйе бола отырып, әр түрлі үш нарық түрінен тұрады: сүт өнімдері нарығы, өңдеуге арналған шикізат түріндегі сүт нарығы және жаңа сауылып тұтынуға арналған сүт нарығы. Сүт және сүт өнімдері нарығын реттеу жүйесін қалыптастыруда әрбір сектор үшін де нарықтық ортаны, өнімнің ерекшелігін, бағасы мен нарық инфрақұрылымды ескеру қажет. Сүт және сүт өнімдері нарығының ең негізгі сипатты ерекшелігі тұтынушылармен тікелей байланыста болатын бөлшек сауда нарығы болып табылады. Бөлшек сауда кәсіпорындары сүт өнімдерінің көлемі,

құрылымы және бағасын қалыптастырып қана қоймай, сұраныс пен агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігіне де тікелей әсер етеді.

Қазақстан сүт саласының дамытуға үлкен табиғи және аумақтық потенциалға ие бола отырып, толыққанды сүт өнімдері нарығы қалыптасуының алдында тұр. Саладағы қалыптасқан күрделі жағдайды негізгі және өндірістік параметрлердің теріс ауытқуы, өндіріс дамуының тұрақсыздығы, шығындардың артуы, шикізатты өнеркәсіптік өңдеу деңгейінің төмендігі, сырттан келетін терең өңделген сүт өнімдері үлесінің жоғары болуы және бағалардың үнемі қымбаттауы сипаттайды. Соңғы бесжылдықта сүт ұсынысының өсімі 23,7%-ды, өнеркәсіптік өңдеу үлесі 12,9%, импорт көлемінің үлесі 42,1% -ды құраса, сары май және қатты ірімшіктің бағасы сәйкесінше 7,2% және 8,5% өсті.

Қазақстан республикасында сүт және сүт өнімдері нарығының дамуы ұтымды және тиімсіз жақтарымен сипатталатын қарқынға ие. Соңғы жылдары ел экономикасына маңызы бар сүт өндірісінің тұрақты артуы байқалады. Өндіріс қарқынының артуы шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтарда, ал төмендеуі ауылшаруашылық кәсіпорын-дарында байқалады. Бұл сүт өндірісін орталықтандырылмаған ұсақ шаруашылықтарға таратып жіберудің тиімсіз екенін көрсетті. Яғни, сүт өндірісінің үлғаюы сауын сиырлар басын көбейту есебінен жүзеге асырылады.

Сүт өндірушілерінің ұсақ шаруашылықтарда мал азығының жеткіліксіздігі, сақтау және желдету жүйесінің болмауы жағдайындағы өндірісі сүт сапасына және оның тауарлылығына, нарықты терең өңделген сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге және отандық өнімгнің бәсекеге қабілеттілігіне кері әсерін тигізуде. Сүтті өнеркәсіптік өңдеу деңгейі төмендеп, елдегі қолда бар өндірістік қуат толық пайдаланылмауы нәтижесінде сүт өнімдері өзіндік құны артып және бағалық бәсеке қабілеттілігі төмендейді. Сондықтан, Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімделген және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығару жолымен арттыруға болады. Тиімді бағаларды қалыптастыру үшін сүт өңдеуші кәсіпорындардың кешендерді қалыптастырушы субъектілер ретіндегі маңызын арттыру керек. Сүт және сүт өнімдері нарығының тиімді қызмет етуіне қол жеткізу мақсатында сүт индустриясын құруға бағытталған кешенді іс шараларды қабылдау қажет: сүт шикізатының қайнар көзі ретінде сүтті мал шаруашылығын жүргізу, сүт өндірісінің технологиясын және техникасын, сонымен қатар, сүт өнімдерін ұқсату жүйесін жетілдіру. Дегенмен, кешенді шаралардың ішінен тек неғұрлым қол жетімді және мүмкін болатындарын ғана таңдауға тура келеді. Мұның бәрі тақырыпты, зерттеудің мақсатты және міндеттерін айқындайды.

Агроөндіріс кешенінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістерде саланы кешенді дамыту өндірісті ғылыми негізде ұйымдастыруды, өндірістік ресурстарды ұтымды пайдалануды талап етеді. Мұндай экономикалық жағдайға негіз болған аталған үдерістердің шамалары мен көрсеткіштерін зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі нарықтық экономика өндірістің тұтынуға бейімделген икемді жүйесі. Сонымен қатар, бұл бәсекелестікті және әлеуметтік қорғау қағидаларын сақтауды мемлекеттік реттеу жүйесі. Қайсыбір нарық түрі болмасын, олардың барлығы да мемлекеттік реттеу объектілері болып табылады, ал болашақтағы

дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлігі ретінде анықталады. Қазіргі уақытта зерттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындары дамуының жоғары қарқынын қамтамасыз ету, ал болашақта – тұтынушылар нарығындағы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Сүт және сүт өнімдері нарығының одан әрі қалыптасуы мен дамуы тағы да мемлекет тарапынан реттелуге тиіс инфрақұрылымның жағдайына, маңызына және жетілгендігіне байланысты.

Тұрғын халықтың төмен төлемқабілеттілігін жағдайында, импортталған шетелдік сүт өнімдері отандық өнімдерге айтарлықтай бәсеке тудыратынын ескеру керек.

Сондықтан, Қазақстандық сүт өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік стандарттарға бейімделген және сыртқы нарық талаптарына сай өнімдер шығару жолымен арттыруға болады.